

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға келісім беру және келісім беруден бас тарту ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы 2000 жылғы 31 қаңтар N 15. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу басқармасы 2000 жылғы 9 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1073. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 20 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 20 қаулысымен .

Сақтандыру заңдарын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға келісім беру және келісім беруден бас тарту ережесі бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Сақтандыруды қадағалау департаменті (Құрманов Ж.Б.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға келісім беру және келісім беруден бас тарту ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р л а р ы н қ а р а с т ы р с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Ережені барлық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бөлімшелерінің облыстық филиалдарына және мүдделі б ө л і м ш е л е р і н е жіберсін .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А.Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н
Ұ л т т ы қ

Р е с п у б л и к а с ы
Б а н к і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға келісім беру және келісім беруден бас тарту ережесі

Осы Ереже "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126-ІІ ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленген және сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға (бұдан әрі - уәкілетті мемлекеттік орган) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы мен өкілдігін (бұдан әрі - сақтандыру ұйымдары) ашуға келісім беру және келісім беруден бас тарту тәртібін айқындайды.

Ескерту: Ереженің кіріспесі жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі № 107 қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Сақтандыру ұйымының филиалы - заңды тұлға болып саналмайтын, сақтандыру ұйымының тұрған жерінен тыс жерге орналасқан, сақтандыру ұйымының атынан сақтандыру (қайта сақтандыру) операцияларын жүзеге асыратын және сақтандыру ұйымының өзіне берілген өкілеттігі шегінде іс-қимыл жасайтын сақтандыру ұйымының ерекше бөлімшесі.

Сақтандыру ұйымы филиалының балансы сақтандыру ұйымымен бірге болуы керек.

Сақтандыру ұйымы филиалының электронды почта қабылдауға және жіберуге арналған модеммен жарақтандырылған кемінде бір дербес компьютері болуы керек.

Ескерту: 1-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 қарашадағы № 470 қаулысымен.

2. Сақтандыру ұйымының өкілдігі - заңды тұлға болып саналмайтын, сақтандыру ұйымының тұрған жерінен тыс жерге орналасқан, сақтандыру ұйымының мүддесін қорғайтын және өкілеттігін білдіретін, оның атынан мәмілелер мен басқа да құқықтық іс-қимыл жасайтын сақтандыру ұйымының ерекше бөлімшесі.

3. Сақтандыру ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктері Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде уәкілетті мемлекеттік органның келісімі болғанда ашылады.

4. Уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға келісім беру мәселесін барлық қажетті құжаттарды берген күннен бастап бір ай мерзімде қарауға тиіс.

5. Сақтандыру ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға келісім беру немесе келісім беруден бас тарту туралы шешімді уәкілетті мемлекеттік орган қабылдайды.

6. Уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға берілген келісімдердің есебін жүргізіп отырады.

7. Сақтандыру ұйымдары мынадай шарттарды орындаған жағдайда, сонымен қатар Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде де филиал немесе өкілдік ашу келісімін алуға өтініш жасай алады:

1) жарғылық капиталдың ең аз мөлшері (жаңадан құрылған сақтандыру ұйымдары үшін) немесе меншікті капиталдың ең аз мөлшері (жұмыс істеп тұрған сақтандыру ұйымдары үшін) болуы;

2) соңғы аяқталған жыл нәтижелері бойынша шығынсыз қызметі;

3) сақтандыру ұйымының өтініш бергенге дейінгі соңғы алты ай ішінде пруденциалдық нормативтерді және басқа да сақталуға тиісті нормалар мен лимиттерді орындауы.

Ескерту: 7-тармақтың 1), 3) тармақшалары жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 107 қаулысымен.

2-тарау. Сақтандыру ұйымының филиалы мен өкілдігін ашуға келісім беру және келісім беруден бас тарту тәртібі

8. Сақтандыру ұйымының филиал мен өкілдік ашуға келісім беру туралы өтінішіне мынадай құжаттар қоса берілуге тиіс:

1) өтініш берушінің құрылтай құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) өтініш беруші сақтандыру ұйымының уәкілетті органының шешімі;

3) филиалдың немесе өкілдіктің басшысын және бас бухгалтерін сайлау (тағайындау) туралы сақтандыру ұйымының уәкілетті органының шешімі;

4) сақтандыру ұйымының уәкілетті органы бекіткен және сақтандыру ұйымының мөрімен куәландырылып, үш данада жасалған, тігілген және нөмірленген түрдегі филиал немесе өкілдік туралы ереже;

5) сақтандыру ұйымы филиалының басшысының немесе өкілінің атына берілген, сақтандыру ұйымы филиалының басшысының немесе өкілінің өкілеттіктері көрсетілуге тиісті нотариалды куәландырылған сенімхат;

6) уәкілетті мемлекеттік органның филиалдың бірінші басшысын және бас бухгалтерін сайлауға (тағайындауға) келісім беру туралы шешімінің көшірмесі;

7) филиалдың немесе өкілдіктің орналасқан жерін растайтын құжат.

Ескерту: 8-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 107 қаулысымен, 2002 жылғы 26 қарашадағы N 470 қаулысымен.

8-1. Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының резиденті емес - сақтандыру ұйымының өкілдігін ашуға келісім беру туралы өтінішке осы Ереженің 8-тармағында көзделген құжаттармен қатар Қазақстан Республикасының резиденті емес - сақтандыру ұйымы мемлекетінің тиісті сақтандыруды қадағалау органының Қазақстан Республикасының аумағында өкілдікті ашуға рұқсаты, не тиісті мемлекеттің заңдары бойынша мұндай рұқсат талап етілмейтінін растайтын құжат қоса беріледі.

Қазақстан Республикасының резиденті емес - сақтандыру ұйымы ұсынатын құжаттар Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен
з а ң д а с т ы р ы л у ы т и і с .

Ескерту: 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 қарашадағы N 470 қаулысымен .

9. Осы Ереженің 8-тармағында көзделген құжаттардан басқа, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде сақтандыру ұйымдарының филиалын немесе өкілдігін ашуға келісім беру туралы өтінішке қоса сақтандыру ұйымы филиалының немесе өкілдігінің банктік есепшоты туралы не қызмет көрсетілетін банк туралы мәліметтер берілуге тиіс.

10. Осы Ереженің 7, 8, 8-1, 9-тармақтарында көзделген талаптардың бірін орындалмаған жағдайда уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру ұйымдарының филиалын немесе өкілдігін ашуға келісім беруден бас тартуға құқылы.

Ескерту: 10-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 қарашадағы N 470 қаулысымен .

11. Уәкілетті мемлекеттік орган филиал немесе өкілдік ашуға келісім беруден бас тарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап он күндік мерзімде сақтандыру ұйымының атқару органына өзінің келісім беруден бас тарту себебін көрсете отырып жазбаша хабарлайды.

3-тарау. Филиал немесе өкілдік ашуға берілген келісімді ресімдеу тәртібі

12. Сақтандыру ұйымдарының филиалын немесе өкілдігін ашу туралы ереже мынадай түрде куәландырылады: "Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігімен келісілген. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің Төрағасы (Төрағаның орынбасары)".

Сақтандыру ұйымдарының филиалын немесе өкілдігін ашу туралы ереже уәкілетті мемлекеттік органда келісілгеннен кейін уәкілетті мемлекеттік орган Төрағасының (Төраға орынбасарының) қолы қойылып, уәкілетті мемлекеттік органның мөрімен бекітіледі.

Ескерту: 12-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 304 қаулысымен .

13. Уәкілетті мемлекеттік органның келісілген Сақтандыру ұйымдарының филиалын немесе өкілдігін ашу туралы ереженің бір данасы сақтандыру ұйымының заң істеріне тігіледі, ал қалған даналары әділет органдарында есептік тіркеуден өту үшін өтініш берушіге қайтарылады.

Ескерту: 13-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 107 қаулысымен , ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 304 қаулысымен .

14. Сақтандыру ұйымы филиалды немесе өкілдікті есептік тіркеуден өткізгеннен кейін екі апта мерзімде Сақтандыру ұйымдарының филиалын немесе өкілдігін ашу туралы ереженің бір данасын филиалдың немесе өкілдіктің есептік тіркеуден өткені туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесімен бірге уәкілетті мемлекеттік органға беруге міндетті.

Ескерту: 14-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 107 қаулысымен .

4-тарау. Қорытынды ережелер

15. Сақтандыру ұйымы әділет органдарына филиалды немесе өкілдікті тарату туралы мәліметтер бергенге дейін филиалды немесе өкілдікті тарату жөніндегі іс-шараларды аяқтау мерзімі туралы ақпаратты алдын ала уәкілетті мемлекеттік органға беруге міндетті.

Сақтандыру ұйымының филиалды немесе өкілдікті тарату туралы шешімі осы шешім қабылданған күннен бастап бір апталық мерзімде уәкілетті мемлекеттік органға берілуге тиіс.

Ескерту: 15-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 107 қаулысымен .

16. Сақтандыру ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жабылды.

Ескерту: 16-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 107 қаулысымен .

17. Уәкілетті мемлекеттік органның филиал және өкілдік ашуға келісім беруден бас тарту туралы шешімі жөнінде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен сотқа шағымдануға болады.

18. Осы ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешілуге тиіс.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК